

«Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК
Алға, Қобда аудандық ғылыми зерттеу бөлімдеріне жүргізген
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау анықтамасы

Ақтөбе қаласы

1 шілде - 25 шілде 2023 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізуге негіздеме:

1. 2023 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл шараларының Жоспары
2. Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының 19.06.2023 жылғы 1-5/1290 санды хаты, ішкі талдау кестесі
3. Музей директорының 21.06.2023 жылғы №-95 Н/Қ санды бұйрығы.

Жұмыс тобының құрамы:

М.Е.Кулмуханов-директордың орынбасары, комиссия төрағасы
А.Аймағанбетова –заңгер –кеңесші, комплаенс офицер, комиссия мүшесі
Г.Дакешова – кадр инспекторы, комиссия мүшесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу кезеңі:

2022 жыл- 2023 жылдың I жартыжылдығы.

Музейдің Алға, Қобда аудандық ғылыми зерттеу бөлімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Алға, Қобда аудандық ғылыми зерттеу бөлімі қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлім өз қызметінде басшылыққа алатын нормативтік –құқықтық актілер:

1. ҚР Конституциясы
2. ҚР Еңбек кодексі
3. ҚР "Мәдениет туралы" Заңы

4. ҚР «Білім туралы» Заңы
5. ҚР "Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы" Заңы"
6. ҚР Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңы
7. ҚР "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы"Заңы
8. ҚР "Мемлекеттік мүлік туралы"Заңы
9. ҚР " Мемлекеттік сатып алулар туралы" Заңы
10. Музейдің Жарғысы,
- 11.2021-2023 жж. арналған музейдің Ұжымдық шарты,
12. Бөлім Ережесі және бөлім қызметкерлерінің қызметтік міндеттері.

Ішкі талдау кезінде Жарғы және ішкі нормативтік құжаттарға сай бөлім қызметінің жұмысы айқындалды.

Бөлімнің ұйымдастыру-басқару қызметі:

Қызметкерлерді басқару бағыты, соның ішінде кадрлар алмасушылығы бойынша:

2022 жылғы штаттық кестеге сәйкес, Алға және Қобда аудандық бөлімдері Алға, Қобда аудандық бөлімі болып аталған. 2022 жылға Алға ауданы бойынша штат саны 2 бірлік, Қобда ауданы бойынша 3 бірлік. Штат бірлігі бойынша қызмет орнын ауыстыру байқалмайды. Қызметкерлер тұрақты орындарында.

Қобда аудандық бөліміне жеке ғимарат салынып берілгендіктен, 2023 жылға штат саны 6 бірлікке артқан. Жалпы саны - 9 адам. Оның 4 бірлігі техникалық жұмысшылар.

Алға ауданы бойынша: Бөлім меңгерушісі-1 бірлік және Экскурсия жүргізуші -1 бірлік.

Қобда ауданы бойынша Бөлім меңгерушісі-1 бірлік, Экскурсия жүргізуші -1 бірлік, Әдіскер-1 бірлік, Зал қараушы - 1 бірлік.

Тексеріс кезеңінде анықталғаны:

- тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ.
- жемқорлық құқық бұзушылық – жоқ;
- сотталушылар – жоқ;
- біліктілігін арттыру курсы өткендер саны- 1;
- аттестациядан өткендер саны - 3.

Бөлім меңгерушісі А.Достанова,Г.Ергалиева, экскурсия жүргізуші Қ.Узақбаева музей директорының 30.10.2020 жылғы №140-Н/Қ бұйрығы бойынша, аттестаттаудан өтушілер тізіміне бекітіліп, 04 қарашада аттестация комиссиясының оң шешіміне сай атқарып отырған қызметтеріне сәйкес деген баға берілген.

2021 жылы бөлім меңгерушісі А.Достанова біліктілігін арттыру курсына қатысқан.

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 209 бұйрығына /31.01.2020 жылғы № 370 бұйрығымен

өзгерістер енгізілген/ сай бөлім қызметкерлерінің өз лауазымдарына сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша:

Тікелей басшылығында бөлім қызметкерлері мен музейдің басшылық құрамында жақын туыстарымен иелену анықталмады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар бойынша: бөлімдердің қызметі мен қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері туралы теріс қылықтар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланбаған.

Келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері: бөлім қызметі мен қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері туралы жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар мен өтініштер тіркелмеген.

Мемлекеттік қызмет көрсету:

Бөлім мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру:

Бөлім рұқсат беру функциясын атқармайды.

Бақылау функцияларын іске асыру:

Бөлім бақылау функцияларын іске асыру жұмыстарын жүргізбейді.

Талданған мерзімде бөлімдерде төмендегідей сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

1. Бөлімдер жұмысымен танысып, музейдің құрылымдық бөлімшелерімен өзара байланысына мониторинг нәтижесінде қорларды ғылыми зерттеу бөлімімен ай сайын қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының отырысының хаттамаларымен таныстық. Құжаттарға сай Алға, Қобда аудандары әр ай сайын қорға экспонаттар тапсырып, комиссия отырысына мүше ретінде қатысып отырады екен. Алайда, бөлім меңгерушілерін немесе мамандарды комиссия отырысына шақыру үшін қорларды ғылыми зерттеу бөлімінен немесе бас қор сақтаушы тарапынан құрылымдық бағыныштылық бойынша директорға немесе директордың ғылыми істері жөніндегі орынбасарына қызметтік хат жолданбаған, кадр инспекторына аталған қызметкерлерді іс сапарға жіберу жөнінде ұсыныс түспеген, хабарлама берілмеген, олар өз бетінше комиссия отырысына телефон арқылы хабарлама алумен ғана шектеліп жолға шығып, Алға –Ақтөбе –Алға және Қобда –Ақтөбе-Қобда бағыты бойынша іс сапар шығындарын өз қалтасынан төлеп келген. Осыған байланысты музей директорына төмендегідей ұсыныс берілді:

1.1. Алдағы уақытта бөлім қызметкерлерінің кез келген қозғалысы қызметтік хат, ұсыныс арқылы басшылықтың рұқсатымен және бекітілген бұйрықпен рәсімделуі тиіс.

1.2. Кадр инспекторы қызметкерлердің іс сапарға жолға шыққандығы туралы хабардар болуы үшін кез келген жоспарлы комиссия отырыстары, жиналыс, т.б. туралы мәлімет берілуі тиіс.

1.3. Құрылымдық бөлім меңгерушілері, әкімшілік-басшылық құрамдағы жауапты тұлғалар құжаттардың талапқа сай тиісті түрде рәсімделуін қатаң бақылауға алуы тиіс.

1.4. Кез келген жолсапарлар бұйрықпен рәсімделіп жол шығындары немесе іс сапар шығындары тиісті көлемде төленуі тиіс.

2. Музейге келушілер музейді аралап таныс болуы үшін бекітілген прејскурантқа сай билет алып кіреді. Алға және Қобда аудандық бөлімдері музейге келушілерді ақысыз қабылдап отыр. Оған бірнеше себеп айтылды және комплаенс қызметінің мүшелері іс сапармен Алға, Қобда аудандық бөліміне барып, танысып, себептердің дәлелді екендігіне көз жеткізді:

2.1. Алға ауданы бойынша:

- 1) музейдің Алға аудандық бөлімінің жеке ғимарат жоқ;
- 2) музей бөлімі көпқабатты үйдің бірінші қабатына көшірілген, әлі де экспонаттар бұрынғы ғимараттан көшірілуде, экспозиция жасақталмаған;
- 3) музейге берілген нысан өте суық, жертөлениң иісі мен ылғалдылығы әрі зиян әрі келушілердің асықпай экспонаттармен танысуына кедергі келтіреді. Бұл себептер комплаенс қызметі мүшелерінің іс сапары кезінде айқын көрініп, өз дәлелін тапты. Алайда, бұл жөнінде бөлім меңгерушісінен тиісті қатынас қағазы түспеген, музейден арнайы топ тексеру жүргізбеген, дәлелді дәйектерге сүйеніп, музейдің Алға аудандық бөліміне кіру тегін екендігі жөнінде басшының нормативтік актісімен бекітілмеген, халыққа жарияланбаған.

Осыған байланысты музей директорына төмендегідей ұсыныс берілді:

- 1) ішкі талдау жұмысының қорытындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою үшін музейдің Алға аудандық ғимаратының жағдайына байланысты тиісті Акт жасау;
- 2) Экспозицияның жасақталмауы себепін анықтау және тиісті шаралар қабылдау;
- 3) Прејскурантқа сай кіру билетін сатпай музейдің Алға аудандық бөліміне келушілерді ақысыз қабылдау және экскурсия жүргізу үшін тиісті шаралар қабылдап, бұйрықпен бекіту;

2.2. Қобда ауданы бойынша:

1) Қобда аудандық бөліміне жеке ғимарат салынып берілген, алайда жаңа ғимаратқа көшу жұмыстары әлі жүргізіліп жатыр. Жаңа ғимаратқа көшіп орналасып жатқан музей ресми түрде ашылмаған.

2) Экспонаттар жинақталып экспозиция жасақталмаған.

Осыған байланысты музей директорына төмендегідей ұсыныс берілді:

1) Жаңа ғимаратта келушілерді уақытша ақысыз қабылдау жөніндегі шешімді тиісті нормативтік актімен рәсімдеу;

2) Ақысыз қабылдау жөнінде басшының актісімен музейге келушілерді таныстыру;

Комиссия Төрағасы:



М.Е.Кулмуханов

Комиссия мүшелері:



А.Аймағанбетова

Г. Дакешова